

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



АТА-АНА ТӘРБИЕСІ СТИЛІНІҢ БАЛАНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Әдістемелік ұсыныстар

ВЛИЯНИЕ СТИЛЯ ВОСПИТАНИЯ РОДИТЕЛЕЙ НА ЛИЧНОСТНОЕ РАЗВИТИЕ РЕБЕНКА

Методические рекомендации

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 17 сәуірдегі № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 апреля 2015 года)

Ата-ана тәрбиесі стилінің баланың тұлғалық дамуына әсері

Әдістемелік ұсыныстар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 16 б.

Влияние стиля воспитания родителей на личностное развитие ребенка

Методические рекомендации – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 16 с.

Жұмыстың өзектілік проблемасы бала тәрбиелеуде педагогтер мен ата-аналарда туындайтын қиындықтармен анықталады.

Бұл тақырыпты арнайы зерттеу және жұмыс авторларының көпжылдық жұмыс тәжірибесі тәрбиедегі қателіктер педагогтер мен ата-аналар өздерінің тұлғалық ерекшеліктерін басшылыққа алып, баланың жеке ерекшеліктерін ескермей қателіктер жіберуімен байланысты екенін көрсетіп отыр.

Құралда ата-ана тәрбиесі стильдерінің түрлері ашылған, отбасы тәрбиесінің бала дамуына әсерін күшейту бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленген.

Проблема актуальности данной работы определяется часто возникающими трудностями в воспитании ребенка у родителей и педагогов. Специальное исследование данной темы и многолетний опыт работы авторов показывают, что воспитательные ошибки связаны с тем, что родители и педагоги не всегда учитывают индивидуальность ребенка, ориентируются больше на свои потребности, отталкиваясь от своих личностных особенностей.

В пособии раскрыты типы стилей воспитания родителей, разработаны методические рекомендации по усилению влияния семейного воспитания на развитие детей.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015

Кіріспе

Тұлға дамуындағы маңызды детерминанттың бірі – отбасы тәрбиесі болып табылатыны баршаға мәлім. Ата-ананың балаға деген қарым-қатынасы оның жеке-тұлғалық және мінез-құлықтарының қалыптасуына біршама әсер етеді. Баланың тұлғасы оның өмірі өтетін барлық қоғамдық қарым-қатынастарының әсерінен қалыптасады. Алайда, ата-ананың адамгершілік мәдениетінің деңгейі, олардың өмірлік жоспарлары мен мақсаттары, әлеуметтік байланыстары, отбасылық салт-дәстүрлер, осының барлығы жас тұлғаның дамуына айтарлықтай әсер етеді. Отбасында бала қоғамдағы қалыпты өмірге қажетті өзіндік нақты ұстанымдар, қоғам мақұлдайтын өз-өзін ұстай білу қабілеттерін қалыптастырады. Дәл осы отбасында баланың жеке-даралығы мен оның ішкі әлемі жоғары деңгейде байқалады. Ата-ананың балаға деген махаббаты оның өмірінің рухани және интеллектуалдық, эмоционалды аймағын байытуға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Ақордадағы «Көктем шуағы» Қазақстан әйелдер қоғамымен кездесу барысында былай деді: «Адамдарға сен дұрыс тәрбиелеген бала керек, біз өз балаларымыздың тәрбиесі үшін жауаптымыз, біздің өмір сүретін барлық жақсы құндылықтарымызды: біздің достыққа деген ықыласымыз бен мейірімділігімізді алуына жағдай жасауымыз керек» [1].

Елбасымыздың ойынша «Үлгілі отбасы» атағын тағайындауға болады, сондай-ақ, ана рөлінің маңыздылығын айқындай отыра, ол: «Мен ана күнін тағайындауды ұсынамын» – деді. Елбасымыз әйел адам тек отбасының ұйытқысы ғана емес, еліміздің тыныштығын сақтаушы екендігіне де назар аударды: «Елімізде батыс дәстүрін ұстанатындығына қарамастан, біздің қоғамымызда әйел адам тек – үй шаруасындағы адам ғана емес. Олар мемлекетті басқаруға қатысады, бизнеспен айналысады, адамдардың өмірін сақтайды, ғылыми жаңалықтар ашады, білім береді және елімізді дүниежүзілік аренада танытады» [1].

Ата-ананың рөлін отбасылық тәрбиемен ғана бағалау қиын. Ерекше рөл барлық кезеңдерде – анаға берілді. Ана – бұл өміріміздегі ең маңызды орындардың бірін алатын адам. Ешкім бұл өмірде анамен байланыссыз дүниеге келмейді. Сондықтан да ана феномені әрқашан болған, бар және әрі қарай өзекті бола береді. Ана махаббаты өз табиғатынан шартсыз болады және сол себепті ана мен баланың өзара қарым-қатынасы өте маңызды.

Бала дамуына маңызды әсер ететін үш топты атап өту қажет: ата-ананың объективті әсері, бала тұлғасының дамуы, сондай-ақ отбасындағы қарым-қатынастардың түрлері.

Ұсынылып отырған зерттеудің өзекті болуы баланы тәрбиелеудегі педагог пен ата-аналар жиі кездесетін қиындықтардың болуымен тығыз байланысты. Ұсынылып отырған тақырып бойынша жүргізілген көптеген зерттеулер мен авторлардың тәжірибесі мынаны байқатады, тәрбиелеудегі қателіктер көбінесе, ата-аналармен педагогтердің баланың жеке дара қасиеттерін ескермей өздеріне қажетті нәтижені басты құндылық ретінде қарауы. Соңғы уақытта оқыту және

тәрбиелеу процестерінде тұлғаны басты құндылық деп қарау принципі жиі айтылып жүргенімен, оны тәжірибеде қолдануда біраз қиындықтар бар.

Осы заманғы психологияда ата-ана – бала арасындағы қарым-қатынас келесі санаттарда қарастырылады: ата-ананың ұстанымы (Х.А. Арғынбаев, Л.А. Байсерке, А.А. Бейсенбаева, А.С. Спиваковская), ата-аналық қарым-қатынас (А.Г. Қазмағамбетов, Б.И. Мұқанова, Ш.А. Бейсембаева, А.Я. Варга), өзара әрекеттесу сипаты (А.Д. Давлетова, О.А. Карабанова, Е.И. Захарова), тәрбие стилі (Ж. Алпысбаева, Э.Г. Эйдемиллер).

Отбасылық тәрбие берудің осы немесе басқа стильдерінің негізінде ата-ананың балаға қарым-қатынасы жатыр. Ата-ананың балаға қарым-қатынасы – бұл балаға деген біртұтас сезімдердің жүйесі, баламен қарым-қатынас барысында байқалатын, өзін-өзі ұстай білу дағдысы, баланың жеке дара психологиялық ерекшеліктерін түсіну және соны ескере отырып әрекет жасау. Тәрбиелеудің әсері, ата-ананың қарым-қатынасы олардың өз-өздерін ұстай білуінен, тәрбиелену стилінен, баланың әртүрлі аспектідегі психологиялық өмірімен және өз-өзін ұстай білуінен байқалады. Ата-ананың қарым-қатынасының өзі көп жақты болып келеді. Бұл детерминанттың негізінде құралатын, күрделі білім беру.

Арнайы әдебиет көздері көрсеткендей, зерттеушілердің, педагогикалық қоғамның, ата-ананың отбасы мәселесіне деген қызығушылығы азаймай тұр. Тәжірибелік жұмыстарда психологтар осы сияқты мәселелермен жиі кездеседі, сонымен қатар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастарының бұзылуы сияқты мәселелерде жиі ұшырасады.

Берілген жұмыстың мақсаты – ата-ананың тәрбиелеу стилін зерттеу және осының негізінде ата-ананың тәрбиесінің бала дамуына әсері тақырыбына әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

1 Ата-ана тәрбиесінің стильдері

Осы заманғы педагогтер және психологтар тәрбиелеуді екі жақты процесс деп қарастырады. Бір жағынан, бала дайын әлеуметтік тәжірибені меңгереді, екінші жағынан ол өзі белсенді түрде әлеуметтік ортаға енеді.

Психолог О.А. Карабановтың ойынша, отбасы бала өмірінің әртүрлі деңгейлерінде, әртүрлі мағынаға ие. Отбасы баланың әлеуметтік даму жағдайына енеді. Дәл осы себепті ата-ананың өз баласына деген қарым-қатынасы, баланың жеке-дара қасиеттерінің даму ерекшеліктері мен өз-өзін ұстай білу дағдыларының қалыптасуына әсер ететін тікелей фактор болып табылады [2].

Жүргізілген бірқатар психологиялық-педагогикалық және әдістемелік жұмыстарды зерттеу нәтижесінде ата-ананың нақты типтегі баламен қарым-қатынасы мен оның нақты жеке-дара мінез-құлқының сипаттамасы арасындағы байланыс айқындалып отыр. Соңғы жылдары ата-ана қарым-қатынасының әдістемелері мен үлгілеріне көп көңіл бөлінеді.

Ата-ананың орны мен ұстанымдары – ата-ананың баламен қарым-қатынасының ең көп зерттелген қырларының бірі екенін атап көрсету қажет. Қазақстандық психологтардың ішінде осы сала бойынша А.Д. Давлетова, М. Смаилова және т.б. ғалымдар жүйелі түрде эксперименттік жұмыстар жүргізген.

Ата-ана қарым-қатынасының астарындағы балаға деген жүйелі немесе эмоционалды қарым-қатынастың бірігуін, ата-ананың баланы қабылдауы және онымен қарым-қатынас жүргізудің түрлерін аңғару қажет.

Отбасылық тәрбие берудің стиліне көбінесе тән сипаттамаларды айыра білу қажеттілігі, педагогикалық әсер етудің әдіс-тәсілдерін нақты пайдалану, сөйлеу арқылы және біріккен іс-әрекетті жасау кезінде байқалады.

Зерттеу көздерінен әдебиеттерде ата-ананың қарым-қатынасы жайлы кең-ауқымды жайтты байқауға болады, тәрбиелеу стильдерінде, сондай-ақ олардың балаға тән жеке-дара ерекшеліктерінің қалыптасуында байқалуын көрсетеді.

Заманауи ақпараттар ана мен бала арасындағы психологиялық қарым-қатынасты басынан екі жақты, екі бағытты үдеріс, бұл жерде әрбір психологиялық біріккен процеске қатысушы белсенді серіктес болып, ата-ананың балаға немесе баланың ата-анаға қарым-қатынасы әсерінің бір-біріне тең әлеуметтік қарым-қатынасты орнатушы болады. Отбасы ортасының, ата-ананың тұлғалық ерекшеліктерінің отбасылық тәрбиелеу стилі қалыптасуына тигізетін әсері зор. Ата-ана тәрбиесі стилінің ерекшелігін айтқан кезде баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін де ескеру қажет. Алайда, баланың жеке тұлғалық жас шамасына қарай психологиялық ерекшеліктерінің тәрбиелеу стиліне әсері жайлы Қазақстандағы зерттеулер әлі жеткіліксіз.

Осылайша, ата-аналардың баламен оның тұлғалық ерекшелігін ескере отырып біріккен тиімді іс-әрекет жасауы, сонымен қатар ата-аналар мен педагогтердің тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып баланы тәрбиелеу стилі мен оның мінез-құлқындағы өзгерістерді анықтауда ата-аналар мен педагогтерде өзара байланыс орнату қажеттілігі туындап отыр. Берілген мәселе

бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді сараптау нәтижесі бұл сұрақ бойынша толыққанды жұмыс жүргізілмегендігін байқатты. Сонымен қатар, мектепке дейінгі және төменгі сыныптағы мектеп балаларын тәрбиелеу стильдеріндегі айырмашылықтар жайлы ақпараттар жоқ десек те болады, сондай-ақ мектепке дейінгі және төменгі сыныптағы мектеп балаларын тәрбиелеу стильдерінің осы немесе басқа мүмкін болатын талаптар негізінде құрылуы жайлы ақпараттар да тапшы.

Психологтардың көпшілігінің ойынша, бала өзін қауіпсіз әрі алаңсыз сезінуі үшін анамен байланыс орнатуы өте қажет. Бірақ та, ананың махаббаты баланың тұлғалық кеңістігін тарылтпай, оның есеюіне кедергі келтірмеуі өте маңызды. Ана тек баласымен бірге болуды ғана ойламай, оны өзінен бөліп, жеке жібере де алуы қажет. Ананың бала жанынан табылуы, онымен сөйлесуі, эмоционалды қарым-қатынасқа түсуі – осының бәрі баланың әрі қарай өсуі мен денсаулығына және оның өмірлік жолына тікелей әсер етеді.

«Ана махаббаты – бұл баланың сөзсіз өмірі мен қажеттіліктерінің тұрақтануы. Аналардың көпшілігі баласына «сүт» және тағы кішкене бал береді. Аналық махаббат баланың өмірге деген махаббатын оятуы керек, ал оны тек бақытты әйелдер ғана жасай алады. Олай болмаған жағдайда, балаға алаңдаушылық сезімдері беріліп, оның бәрі баланың тұлғасына қатты әсер етеді. Аналық махаббаттың негізі – баланың өсуіне, өсіп келе жатқан баланы жақсы көруінде, оған жеке бөлінуді үйретуде жатыр. Бұған жақсы көре білетін әйелдер ғана қабілетті» – деп жазды Э.Фромм [3].

Баланың дамуы мен қалыптасуына алдағы өміріне тек ана ғана әсер етпейді, оның психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын отбасы толығымен әсер етеді.

Танымал психологтардың пікірі бойынша (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Б.М. Теплов және т.б.) баланың психологиялық қажеттіліктерін отбасындағы жайлы ахуал толық қанағаттандырады екен. Отбасы баланың тек тұлғасының қалыптасуына көмектесіп қоймай, оның үнемі кеңіп отыратын қоғамдық қатынастарға табиғи түрде еңгізіп отырады, оның әлеуметтенуіне жағдай жасап отырады. Бала әлеуметтік ортада үнемі болып отыратын өзгерістерге жауап беріп үйренеді. Бала арқа сүйейтін ананың және басқада отбасы мүшелерінің арқасында, ол жаңа қарым-қатынастар орнатады, нақты рөлдер мен орындарды иеленеді. Оның өзіне деген сенімділігі, өз отбасындағы жылы сезімдерден пайда болған сенімділік, әлеуметтік ортаға бала кезіндегі бейімделуін және әрі қарай өсуін жеңілдетеді. Ересек адамда әлеуметтік ортада пайда болатын әртүрлі қиындықтар, оның бала кезіндегі отбасында болған шиеленісті жағдайлар мен жайсыз ахуал, тәрбиелеудің қарама-қайшылықтары бар түрлерімен тәрбиеленуі осы қиындықтарға әкеліп соғады.

У. Бронфенбреннердің зерттеулері қызықты, оның ойынша, жайсыз жайттар баланың психологиялық дамуына өз әсерін тигізбей қоймайды. Ол «жастық сегрегация» ұғымының бар екендігін жазады, яғни бұл бала өмірінің соңғы жылдарында және жас буында байқалатын өзгерістерді сипаттайды. Жастық сегрегация – бұл жас адамдардың қоғам өміріндегі өз орнын табуға қабілетсіздігі. Бұл факт жас адамдардың басқа адамдардан бөлектенуі,

американдық психологияда шеттелу деген атқа ие болды. Бұл құбылыстың тамырын американдық зерттеушілер осы замандағы отбасының ерекшелігінен іздейді. Осылайша, болып жатқан келеңсіз жағдаяттар және олардың нәтижесі баланың психикалық дамуына кері әсер етеді. Оның бастапқы белгілері эмоционалдық және мотивациялық салада байқалады: жақтырмау, немқұрайлық, көп күш және табандылықты қажет ететін жұмысқа деген жауапкершілік пен қабілеттіліктің болмауы. Бұдан қиын жағдайларда нәтижесі ойлау қабілетінің төмендеуінен, бастапқы деңгейдегі түсініктерді және сандарды қабылдай алмауынан байқалады.

Қазақстандық және шетелдік психологтар әртүрлі отбасындағы тәрбие ерекшеліктерін зерттей келе, мынадай тұжырымға келді, балалардың жеке дара қасиеттерінің қалыптасуы олардың отбасындағы қарым-қатынас пен біріккен іс-әрекеттеріне тікелей байланысты болып келеді. Бұдан әрі қарай отбасылық тәрбиенің негізгі стильдеріне мысалдар және олардың сіздің балаңыздың тұлғасының дамуына әсерін келтіргім келеді, - деді (М. Кравцова бойынша) [4].

«Ата-аналық стиль» немесе «тәрбие стилі» ұғымдары «позиция» ұғымының синонимі ретінде жиі қолданылады. Біз «стиль» терминін қалыптасқан ұғымдарды және талапқа сай мінез-құлықты білдіру үшін сақтауымыз дұрыс деп санаймыз, бұлар нақты баламен емес, жалпы балалармен қарым-қатынасты сипаттайды.

Келесі ата-аналық тәрбие стильдерін атап көрсетуге болады:

1. Демократиялық стиль.
2. Бақылаушы стиль.
3. Авторитарлық стиль.
4. Либералдық стиль.
5. Кері қайтару стилі.
6. Индифферентті стиль.
7. Гиперсоциалды стиль.
8. Эгоцентрикалық стиль.
9. Беделдік стиль.

2 Отбасы тәрбие стилінің бала дамуына әсері

Әдетте отбасы тәрбиесінің стилі балада әртүрлі психикалық жағдайлардың пайда болуына себеп болады. Бұл әлеуметтік қауіпсіздік немесе қорғансыздық сезімі, мейірімділік немесе қатыгездік, гиперактивтілік және т.б. болуы мүмкін.

Демократиялық стиль былай анықталады:

– бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста вербалды қатынастың жоғары болуы;

– баланың отбасылық мәселелерге араласып, өз ойын білдіруі мен оны үлкендердің ескеруі;

– қажет болған жағдайда ата-ананың көмекке келуге дайын болуы және баланың өз бетімен жетістікке жететіндігіне деген сенім;

– баланы қарастырған кезде, өзіндік субъективтілікті шектеу.

Демократиялық стильдегі отбасында тәрбиеленген балалар көшбасшылыққа деген қабілеттілік пен агрессивтілік, басқа балаларды бақылауға деген құштарлықпен сипатталады, бірақ ол балалардың өздері сырттай бақылауға әрең көнеді. Ол балалар дене дамуы тұрғысынан жақсы дамыған және өз қатарластарымен тез тіл табысып кететіндігімен ерекшеленеді.

Бақылаушы стиль – бұл:

• Баланың іс-қимылына шектеу қою;

• Балаға шектеу сөзінің мағынасын айқындап түсіндіру;

• Тәртіп мәселесі бойынша ата-ана мен бала арасында келіспеушіліктің болмауы.

Тәрбиенің бақылаушы стилі түрінде балалар тәртіпті, ұғымтал, қорқақ, өз мақсаттарына жетуде табандылық көрсетпейді, агрессивті емес.

Тәрбиенің аралас түрінде балалар ұғымтал, тәртіпті, эмоционалды сезімталдық, агрессивті емес, жаңа нәрсені білуге деген қызығушылықтың болмауы, ойлаудың бірегейлігі, ой ұшқырлығының жұтаңдығы.

Тәрбиенің авторитарлық стилі

Балалар мен ата-ана арасында қарым-қатынас мүлде жоқ, оны қатал тәртіп пен ережелер алмастырады. Ата-аналар көбінесе бұйрық беріп, оның нақты орындалатынына, талқыланбайтынына сенімді болады.

Мұндай отбасыларда балалардың оқшау, тұйық, қорқақ, жалтақ болатыны заңды. Бойжеткен шаққа дейін қыз балалар әдетте пассивті және бағынышты болып өседі. Ұл балалар керісінше, басқаруға келмейтін агрессивті, шектеу қоятын талаптарға бірден қарсы шығатын қызу қанды болып өседі.

Тәрбиенің либералды стилі

Балалармен қарым-қатынастағы ашықтық. Ата-аналар балалардың іс-әрекетіне тиым салмайды десек те болады. Ата-ана тарапынан аздаған басқару жүргізіліп, балаларға толық еркіндік берілген.

Ешқандай шектеу қоймау құлықсыздық пен агрессивтілікке алып келеді, балалар адамдардың көзінше өздерін көбінесе дұрыс ұстамайды, өздерінің қабілетсіздіктерін алға тартып, импульсивті болып келеді. Отбасындағы жағдай жақсы болса, мұндай отбасында тәрбиеленген балалар белсенді, сенімді шығармашыл тұлға болып өседі. Егер де жасалған бассыздыққа ата-ана

тарапынан ашық түрде қарсылық болса, баланың ең бұзық ойларын жүзеге асыруына ешнәрсе кедергі болмайды.

Тәрбиенің кері қайтару стилі

Ата-аналар өздерінің ашық немесе жасырын іс-әрекеттерімен баланы қабылдамауын көрсетеді. Мысалы, ата-ананың баланың дүниеге келуін немесе қыз бала болғанын қалап, ұл баланың дүниеге келуін қаламауы. Бала басынан бастап ата-ананың қалауына сәйкес келмейді. Кей жағдайда бала ата-ананың қалауымен дүниеге келіп, оны мұқият қарап, оны бағып-қағады, бірақ та оның ата-анасымен рухани байланысы жоқ. Мұндай отбасындағы балалар агрессивті немесе, тұйық, жасқаншақ, ренжігіш болып келеді. Мұндай қабылдамаушылық балада наразылық сезімін тудырады. Оның әсіресе үлкендермен қарым-қатынастағы мінез-құлқында тұрақсыздық, негативтілік байқалады.

Тәрбиенің индифферентті стилі

Ата-аналар балаларға ешқандай шектеу қоймайды, оларға немқұрайлылықпен қарайды, қарым-қатынасқа түспейді. Көбінесе олардың өз мәселелерімен бастары қатып, балаларын тәрбиелеуге уақыты болмайды. Егер ата-ананың немқұрайлылығы өшпенділікке үйлессе, бала бейсоциалды қылықтарға бейімділік танытуы мүмкін.

Тәрбиенің гиперсоциалды стилі

Ата-аналар «үлгілі» тәрбиелеуде барлық нұсқауларды тәптіштеп орындауға ұмтылады.

Мұндай отбасындағы балалар өте тәрбиелі және ұқыпты болып келеді. Олар үнемі өздерінің эмоцияларын және қалауларын тежеуге мәжбүр болады.

Осындай тәрбиелеу нәтижесі қатты қарсылыққа, баланың өзін агрессивті ұстауына, кейде аутоагрессияға алып келеді.

Тәрбиенің эгоцентрикалық стилі

Отбасындағы жалғыз немесе зарығып көрген балада көбінесе өзін өте бағалы адам деп санау пікірі қалыптасады. Ол ата-ананың табынушысына және «өмірінің мағынасына» айналады. Сонымен қатар, оның айналасындағылардың қызығушылықтары назардан тыс қалып, баланың жолында құрбандық болады. Нәтижесінде ол бала басқалардың ой-пікірімен санаспайды, назарға алмайды, ешқандай шектеуді қабылдамайды, кез-келген шектеуді агрессивті түрде қабылдайтын болады. Мұндай бала кертартпа, тұрақсыз, мазасыз болып өседі.

Тәрбиенің беделдік стилі

Баланың үйлесімді тұлғасын дамытудағы ең тиімді, әрі жақсы тәрбиелеу стилі. Ата-аналар балаларының өсіп келе жатқан дербестігін қабылдап, қолдайды. Белгіленген тәртіп бойынша балалармен ашық түрде өздерінің талаптарын талқылайды, шешімдерін саналы деңгейге дейін өзгерте алады. Мұндай отбасындағы балалар өте жақсы бейімделген, өздеріне сенімді, оларда өзін өзі бақылауы және әлеуметтік дағдылары қалыптасқан, олар мектепте жақсы оқиды және өз-өздерін жоғары бағалайды.

Қарастырылған ата-аналық қарым-қатынас түрлері баланың әлеуметтік бейімделуіне көп ықпал етеді (1-қосымша).

3 Отбасы тәрбиесінің бала дамуына әсерін күшейту бойынша әдістемелік ұсыныстар

Әр ұлтта өзінің тәрбиелеу талаптарының жүйесі бар. Мысалға, жапондық тәрбиелеу жүйесінде мектепке дейінгі балаларға жұмсақ қатаяды, яғни қаталдық пен талаптар күшейеді. Тәрбиелеудің еуропалық үлгісінде балаға ерте жастан бастап тәртіптер мен қатаң талаптар қойылады, бірақ баланың өсуіне байланысты сыртқы бақылау азаяды. Шығыс халқында дербестік, заңға бойұсынушылық, қоғамның әлеуметтік негіздерін бағаламау және қабылдамау, еңбексүйгіштік, отбасылық құндылықтарды сыйлау, әлеуметтік бойұсынушылық басым. Қазақстандық тәрбиенің басты ерекшелігі – туған жерге деген махаббат пен құрмет, отбасылық құндылықтарды бәрінен жоғары қою, үлкендерді сыйлау, адалдық, қонақжайлылық, толеранттық.

Отбасы тәрбиесінің бала дамуына әсерін күшейту мақсатында отбасылық тәрбиелеудің принциптер жүйесі жасалуы керек.

Мысалы:

- балалар жақсылық пен махаббаттың ортасында өсуі керек;
- ата-аналар баласын қандай болса сол күйінде қабылдауы керек;
- тәрбие жұмыстары жас шамасына, жынысына және жеке ерекшеліктеріне қарай жүргізілуі керек;
- диалектикалық шынайы бірлік, тұлғаға деген терең құрмет, жоғары талап қою отбасылық тәрбиенің негізінде болуы керек;
- ата-ана – балалар үшін үлгі болатын мінсіз тұлға;
- тәрбие тек жақсылыққа, сенімділікке негізделуі керек;
- отбасында ұйымдастырылатын барлық іс-әрекеттер ойын түрінде жасалуы керек;
- отбасында оптимистік көзқарас, балалармен қарым-қатынас стилі мен мәдениеті болуы керек.

Бала үшін онымен сөйлесу мәдениеті маңызды жайттардың бірі болып табылады.

Еркелету, жұмсартылған және баяу интонация, әзілдесу және әзіл бұлар орынды, ең бастысы, бала өзінің осыған қатысын біліп, үлкендердің оған деген қызығушылығын сезінуі қажет.

Зерттеулер көрсеткендей, заманауи отбасыларда ештеңеге араласпай бейбіт өмір сүру тактикасы қолданылады, ата-аналар балалар өз басына ұқыпты, еркін, азаттықта өмір сүруі керек деген принципті ұстанады. Бұдан түйіндейтініміз – өз-өзін ұстауға қойылатын талаптарды барынша азайту. Мұндай тәрбиелеудің нәтижесі – ата-аналар мен балалардың бір-бірінен алыстауы, эмоционалдық автономия.

Отбасында балалармен бірігіп жұмыс жасау керек, ол махаббат, құрмет және отбасының басқа мүшелері сияқты оларға деген талаптармен теңестірілуі керек.

Әр отбасында өзіндік отбасылық дәстүрлер болуы керек. Отбасы, басқа әлеуметтік институттар сияқты, дәстүрлерді жасап шығару арқылы, нақты іс-әрекет үлгілерін қайталай отыра өмір сүреді, оларсыз отбасының өзіндік дамуы

мүмкін емес.

Отбасының әртүрлі саладағы іс-әрекеті үлгілердің түрлерімен сәйкестендіру арқылы жасалады, олар жаңа жас отбасылардың дүниеге келуімен жаңарып, жаңа отбасын жасау арқылы реттеліп отырады: ерлі-зайыптылар, ата-аналар арасындағы қарым-қатынас, үй шаруашылығын жүргізу, бос уақытты өткізу және т.б. Әр отбасының өзі және оның құндылықтары мәдениеттің пайда болуына жеткізетіндіктен, онда кез-келген материалдық және рухани іс-әрекеттің үлгісі отбасылық дәстүрдің пайда болуына негіз бола алады. Дәстүр – нақты жағдайларда белгілі бір іс-әрекеттердің дәл көрсетілуі. Дәстүрлер осы немесе басқа отбасылық қарым-қатынастардың буындарын тұрақтандырып, оларды жаңа ұрпақтардың өміріне енгізеді. Мысалы, балаларды бағып күту, қоғамдық орында өзін-өзі ұстау, қонақты қабылдау, отбасылық шығын мен кіріс кітабын жүргізу тәртібі және т.б. дәстүрлер. Дәстүрлер өзіндік мағынаға ие, бірақ үлгі формасында көрсетілмейді. Дәстүрлер не істеуге болады және не істеуге болмайтынын ғана көрсетеді, қандай болу керектігін нұсқамайды. Дәстүрдің негізі – дәстүрлі қылықтардың мәнін анықтайтын отбасы құндылығы.

Балаларды дамытудың тиімді шарты – жақсы көретін отбасының болуы. Жақсы көретін отбасы – бұл балалармен үйлесімді және өзара түсіністікке қол жеткізетін отбасы, бұл жерде балалармен қарым-қатынас жасау – үлкен қуаныш, мұнда оң және жақсылыққа негізделген эмоционалды мәдениет басымдылық танытады. Саналы махаббат баланы қабылдаумен, оған деген оң эмоционалды қарым-қатынаспен сипатталып, саналы талаптар және біріккен іс-әрекеттің кооперациясымен анықталады.

Ата-ананың балаға қатыстының барлығына, мейлі ол маңызды емес мәселелер болсын, қызығушылығының шынайы болуы, бала өмірінде не болып жатқандығын біліп отыру – міне осыдан ата-ананың балаға деген махаббаты көрінеді. Махаббаттың негізінде адамгершілік мәдениетін тәрбиелеуге болады: тек махаббат қана жақсы көруді үйрете алады.

Қазіргі уақытта ата-аналардың басым бөлігінен тәрбиелеу және баланы дамытуға қатысты жауапкершіліктен шеттелу үрдісі байқалады. Ата-аналар баланың даму кезеңдерінде жас шамасы мен жеке дара ерекшеліктері жайлы білімдерінің жеткіліксіздігінен, кейде соқыр түйсікке сүйеніп тәрбиелеу үдерісін жүргізеді.

Ата-ананың бала мүддесі жолындағы іс-әрекеті келесі жағдайларда: егер олар педагогтермен серіктес болғанда, баланы жақсы білуіне, оны түрлі жағдайларда көруіне және ересектерге олардың жеке ерекшеліктерін түсінуіне, олардың қабілеттерін дамытуына, құндылықты өмірлік бағдарлар қалыптастыруына мүмкіндік берген кезде ғана табысты болады.

Қорытынды

Отбасы – қоғамның бір бөлшегі, әлеуметтің ажыратылмайтын негізгі бір бөлігі болып табылатыны барлығына мәлім. Қоғамдық өмір де отбасыға қажет рухани және материалдық үдерістермен сипатталады. Отбасының мәдениеттілік дәрежесі өскен сайын барлық қоғамның да мәдениеттілік дәрежесі жоғарылайды. Отбасылық қарым-қатынаста адамгершілік принциптері өте маңызды, олардың ең негізгілерінің бірі – басқаны сыйлау.

Психологтар мынадай қорытындыға келді, тұлғаның доминанттылық танытатын бір қыры әртүрлі жағдайға байланысты, әртүрлі формадағы жауапқа ие болады, содан соң, әрі қарай баланың тұрақты мінез-құлқына айналады. Тәрбиенің басқа іс-әрекет түрлерімен байланысы, тәрбиеге сол немесе басқа себептерге бағыну, сондай-ақ адам тұлғасындағы тәрбиенің орны – бұның барлығы әр ата-ана тәрбиесіне ерекше, қайталанбас, жеке дара сипаттама береді.

Осылайша, арнайы отбасы тәрбиесі мынадай ерекшеліктерге ие:

- Туыстық сезімдерге негізделген отбасы тәрбиесінің эмоционалдық сипаттамасы.

- Ата-ананың тәрбие арқылы балаларға әсер етуі өмірдің әртүрлі жағдайларындағы тұрақтылық пен ұзақ мерзімділігімен ерекшеленеді, бұл балаға терең әсер етуді қамтамасыз етеді.

- Тек отбасы балада қауіпсіздік, махаббат, қабылдай білу сезімдерін тудыра алады.

- Отбасында балаға әсер етудегі маңызды сипаттамалардың мазмұнын қамтамасыз ететін, әлеуметтендірудің психологиялық механизмдері жұмыс жасайды. Мұндай әлеуметтендірудің психологиялық механизмдеріне қосымша толықтыру және сәйкестендіру жатады.

- Отбасы әртүрлі жастағы әлеуметтік топ ретінде балаға әртүрлі құндылықты бағыттарды қабылдауға, өмірлік құбылыстарды бағалаудың әртүрлі критерийлерін, әртүрлі идеалдар, көзқарастар, тұжырымдарды қабылдауға үйретеді.

- Отбасы тәрбиесі ұзақ мерзімдік әсер ету диапазонына ие.

Әдебиет

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ақордадағы «Көктем шуағы» Қазақстанның әйелдер қоғамымен кездесуде сөйлеген сөзі - Астана, Ақорда. - 2013 ж., 7 наурыз.

2 Доророва Т.А. Защита прав и достоинств маленького ребенка. Методика. – М.: 2006. - С. 67-68.

3 Ковалев А.Г. Психология семейного воспитания. - М.: 2009. – С. 4-5.

4 Кравцова Л.А. Стили родительских взаимоотношений // Вопросы психологии. – 2006. - № 6.

5 Джайнотт Х.Дж. Родители и дети. – М.: Педагогика, 1986. – 217 с.

6 Дружинин В.Н. Психология семьи. -М.: 1998.

7 Захаров Л.И. Психотерапия неврозов у детей и подростков. – Л.: Наука, 1982. – 224 с.

8 Зверева О.Л. Семейная педагогика и домашнее воспитание. - М.: Педагогика, 2009. - 249 с.

9 Чалдини Р. Психология влияния. -СПб, 2011. - 272 с.

10 Крэйг Г. Психология развития. СПб, 2000. - С. 12-24.

11 Бейсембаева Ш.А. Патриотическое воспитание школьников на основе сотрудничества семьи и школы. - Астана, 2013. - С. 29-33.

12 Психолого-педагогические основы духовно-нравственного развития личности в этнокультурном пространстве. - Астана, 2014. - 252 с.

Баланың әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін ата-аналық қарым-қатынас түрлері

Отбасы топтары	Топ бөліктері	Ата-аналық қарым-қатынас бағытының сипаттамасы
Жағымды	Түсінетін	Өз баласын жақсы біледі, оны және оның іс әрекетін нақты бағалайды. Әртүрлі жағдайларға сәйкесінше бейімділік танытып, жағымды жауап береді, баланың орнына өзін қоя алады, оның көзқарасын қабылдап, диалогқа бейім, баланы қандай болса сол қалпында қабылдайды. Сензитивті, бала жайлы жиі айтады, онымен бірге уайымдайды, оны кез-келген жағдайда қорғауға дайын.
	Қорғалатын	Өз баласын жақсы біледі, оны және оның іс әрекетін нақты бағалайды. Әртүрлі жағдайларға сәйкесінше бейімділік танытып, жағымды жауап береді. Алайда баламен қарым-қатынаста үлкеннің орнында болады, диалогты қабылдамайды, өзінің көзқарасын ғана дұрыс деп есептейді.
	Немқұрайлылық	Өз баласы жайлы аз біледі және көп білуге тырыспайды да, болып жатқандардың себебіне көңіл бөлмей сыртқы нәтижелер мен фактілерге көп көңіл бөледі. Балаға деген эмоционалдық қарым-қатынас әлсіз, бұндай ата-аналар көбінесе өз мәселелерін шешуден босамайды. олардың балалары жақсы киінген, күтімі бар қоғамның талабына сай іс-әрекеттерге үйретілген.
Жағымсыз	Басым	Баланы эмоционалдық шеттету басым, шектеулер мен бұйрықтар өте көп. Ата-аналар өз балаларын жақсы білетініне сенімді, бірақ та оның әртүрлі жағдайда өзін қалай ұстайтынын алдын ала айта алмайды. Қарым-қатынастар шиеленіскен және синусоидалық сипаттамаға ие.

	Беймаза	Мұндай топтағы ата-аналар шектен тыс мазасыздығымен ерекшеленеді, өз-өзіне деген сенімсіздік, негізі олар өз балаларын жақсы біледі, оларға сензитивті қарым-қатынаста болады, бірақ өздерінің ісәрекеттерінің дұрыстығына күмән келтіріп сол себепті, кейде балаға қатігездік танытады. Қарым-қатынастар тұрақсыздық және амбиваленттілікпен сипатталады.
	Шеттетілген	Ата-ананың орны ригидті, баламен диалогтық қарым-қатынас мүлде жоқ, балаға деген шектен тыс бауырмалдық пен бағыттылықтың әсерінен оған үлкен үміт арту мен жоғары талап қою.
	Кері итеруші	Бұл топтағы ата-аналар баладан шеттетілген, оның мәселелеріне тереңдеп енгісі келмейді, оған көңіл бөлуге құлқы жоқ, өзгерістерді байқағысы келмейді. Эмоционалдық қарым-қатынас анық байқалмайды, шеттету элементіне ие. Олар үшін баланың сезім мен уайым аймағы жабық, олар өз балаларын жақсы білмейді, алайда олардың өз балалары жайлы ойы нақты жағдайға сәйкес келеді.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Ата-ана тәрбиесінің стильдері.....	5
2 Отбасы тәрбие стилінің бала дамуына әсері.....	8
3 Отбасы тәрбиесінің бала дамуына әсерін күшейту бойынша әдістемелік ұсыныстар.....	10
Қорытынды.....	12
Әдебиет.....	13
Қосымша.....	14

Введение

Общеизвестно, что одной из существенных детерминант развития личности является семья. Отношение родителей к ребенку оказывает существенное влияние на формирование его индивидуально-личностных особенностей и поведения. Личность ребёнка формируется под влиянием всех общественных отношений, в которых протекает его жизнь и деятельность. Однако уровень нравственной культуры родителей, их жизненные планы и устремления, социальные связи, семейные традиции имеют решающее значение в развитии личности молодого человека. В семье ребёнок приобретает убеждения, общественно одобряемые формы поведения, необходимые для нормальной жизни в обществе. Именно в семье проявляется в наибольшей степени индивидуальность ребёнка, его внутренний мир. Родительская любовь помогает раскрыть, обогатить эмоциональную, духовную и интеллектуальную сферу жизни детей.

Президент Казахстана Н.А. Назарбаев в своём выступлении на встрече с представительницами женской общественности Казахстана «Көктем шуағы» в Акорде отметил: «Человеку нужны дети, которых ты правильно воспитал - это главные ценности... Мы отвечаем за воспитание наших детей, за то, чтобы они взяли у нас все то хорошее, чем мы живем: нашу дружбу, нашу доброту» [1].

